

Медициналық мақсаттағы бұйымды қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы

ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС®, көзге тамызатын дәрі құтыда 10 мл-ден

Медициналық бұйымның құрамы мен сипаттамасы

ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® көзге тамызатын дәрісінің 1 мл құрамында:
натрий гиалуронаты – 2 мг, эктоин – 20 мг, бор қышқылы, бура, су.

ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® – бұл стерильді, құрамында консерванттар мен фосфаттар жоқ, офтальмологиялық қолдануға арналған ерітінді.

ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® құрамында гиалурон қышқылының натрий тұзы бар (натрий гиалуронаты), ол адамның көз тіндерінде және басқа да ағзаларында кездеседі. Натрий гиалуронаты көздің беткейінде біркелкі және шаюға төзімді майлайтын және ылғалдандыратын үлбірді түзуге мүмкіндік беретін бірегей қасиеттерге ие.

Бұл биоадгезиялық деп аталатын қасиет табиғи көз жасы сұйықтығының әсерін күшейтіп, көздің мөлдірқабығы мен конъюнктивасын қорғауды қамтамасыз етеді, осылайша қабақ көздің беткейіне оңай сырғанауы мүмкін.

ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® көзге тамызатын дәрісінің құрамында натрий гиалуронатының жоғары мөлшері бар, бұл олардың тұтқырлығын арттырады және қарқынды ылғалдандыратын және ұзаққа созылатын тыныштандыратын үлбірдің түзілуіне ықпал етеді. Көзге тамызатын дәрі тұрақты немесе одан да айқын симптомдарды жояды және көзді қосымша тітіркенуден қорғайды.

Тағы бір компонент эктоин болып табылады. Эктоин – бұл қоршаған ортаның оқыс жағдайларынан (мысалы, тұзды көлдерде) өз қорғанысы үшін өмір сүретін микроорганизмдермен өндірілген табиғи зат. Осындай экстремалды жағдайлардан қорғану үшін бұл микроорганизмдер эктоин табиғи затын өндіреді, көзге тамызатын дәріге оның ерекше қасиеттерін **ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС®**-те пайдаланылады. Эктоин көздің беткейінде судың жасушалармен байланысын күшейтеді, мөлдір қабықта физиологиялық бөгеуілдің түзілуіне ықпал етеді. Осымен бірмезгілде эктоин көз жасы сұйықтығының шамадан тыс құрғауын болдырмайтын көз жасы үлбірінің липидті қабатын тұрақтандырады.

Натрий гиалуронаты мен эктоиннің өзара әрекеттесуі көз беткейінің қарқынды, ұзақ уақыт ылғалдануын қамтамасыз етеді және көз жасының шамадан тыс құрғауынан қорғайды. **ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС®** көзге тамызатын дәрісі қоршаған ортамен туындайтын тітіркендіргіштерге қабыну реакциялары ретінде байқалатын мынадай типтік симптомдарды мысалы, қышыну мен ашыту сезімін жоюға көмектеседі.

ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® көзге тамызатын дәрісі арнайы ауа өткізбейтін «КОМОД®» жүйесінің контейнеріне салынған, бұл құты ішіндегісінің стерильділігіне кепілдік береді және арнайы КОМОД® клапандық жүйесінің арқасында, көзге тамызатын дәрінің өлшемі мен олардың шығу жылдамдығы құты негізіне қысым күшіне қарамастан тұрақты болады. «КОМОД» контейнері шамамен 300 тамшыға сәйкес келетін 10 мл ерітінді шығаруға арналған. Техникалық себептер бойынша пайдаланудың соңында құтыда көзге тамызатын дәрінің шағын мөлшері қалады.

Қолданылу саласы

Офтальмология

Медициналық бұйымның тағайындалуы

- көздің құрғауы кезінде қарқынды ылғалдандыру үшін, көз жасы үлбірін қалпына келтіру және тұрақтандыру үшін;
- тітіркену және аллергия мысалы, ашыту, қышу, көз жасы ағуы, бөтен денені сезіну кезінде көз қабынуының симптомдарын жеңілдету үшін.

Қолдану тәсілі


ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС®-ті дәрігердің ұсынымына сәйкес қолдану керек. Әдетте ересектер мен 6 жастан және одан астам балаларға әр көздің конъюнктивальді қалтасына күніне 3 рет ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® 1 тамшыдан тамызады. Бұдан да жиі қолданған кезде (мысалы, күніне 10 реттен аса) немесе едәуір айқын симптомдар болса офтальмолог-дәрігермен тұрақты түрде кеңесіп отыру қажет.

ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® ұзақ уақыт қолдануға жарамды. Дегенмен, барлық тұрақты симптомдарда, мысалы, егер 2 апта бойы жақсару болмаса, офтальмолог-дәрігерге жүгіну керек.


ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® көзге тамызатын дәрісі бар құты жеке пайдалануға арналған.

ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® көзге тамызатын дәрісін қолдану жөніндегі ұсынымдар


ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® көзге тамызатын дәрісін тек бүлінбеген бақылау заттаңбасы болса ғана пайдалануға болады.




Қолданар алдында құтыдан қалпақшасын шешіңіз. Бұл үшін қалпақшаны бір қолмен ұстаңыз, ал екіншісімен айналмалы қозғалыстың көмегімен құтыны тартыңыз. ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® құтысын алғаш қолданар алдында ұштығын төмен қаратып төңкеріңіз және ұштық саңылауынан бірінші тамшы пайда болғанша, құтының түбін басыңыз. Енді құты келесі пайдалануға дайын.




Бас бармақпен құтының шығыңқы жерінен және қалған саусақтармен құтының түбіне қойып, құтының түбінен ұстай отырып, құтыны түбін жоғары қаратып ұстап тұрыңыз.



«КОМОД®» құтысын ұстап тұрған қолды суретте көрсеткендей басқа қолмен деменіз.



Басыңызды сәл артқа қарай шалқайтып, астыңғы қабағыңызды абайлап тартыңыз және күшті және жылдам қозғалыспен контейнердің түбін басыңыз. Бұл **бір** тамшыны шығару үшін механизмді белсендіреді. «КОМОД®» жүйесінің арнайы клапанының арқасында құтының түбіне қысым күші жұмсалғанына қарамастан, көзге тамызатын дәрінің өлшемі мен босап шығу жылдамдығы бірдей болады. Сұйықтық көз беткейі бойынша біркелкі тарауы үшін, көзіңізді ақырындап жұмыңыз.



Пайдаланғаннан кейін бірден құтыны қалпақшасымен жабыңыз. Тамызғы ұштығының құрғақтығына көз жеткізіңіз. Тамызу кезінде құты ұштығының көзбен немесе терімен қандай да бір жанасуына жол бермеңіз.

Жағымсыз әсерлері

ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® көзге тамызатын дәрісінің құрамында консерванттар болмағандықтан, оларды ұзақ қолданса да көтерімділігі жақсы болады.

Өте сезімтал жағдайларда аса жоғары сирек реакциялары жайлы хабарланды, олар ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® көзге тамызатын дәрісін қолдануды тоқтатқаннан кейін бірден жоғалып кететін ашытып-күйдіру немесе шамадан тыс көз жасы ағуы.

Медициналық бұйымды пайдалану кезіндегі сақтық (қауіпсіздік) шаралары және шектеулер туралы ақпарат

12 жасқа дейінгі балаларға ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® көзге тамызатын дәрісін күніне 10 реттен артық қолдануға болмайды.

Басқа көзге тамызатын дәріні бізмезгілде қолданғанда, ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® **әрқашан** соңғы кезекте тамызып, кемінде 30 минуттық аралықты сақтау керек.

ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® көзге арналған жақпамайлармен бірмезгілде қолдануға болмайды.

Айта кету керек, ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® қолданғаннан кейін, ерітіндінің тұтқырлығына байланысты көз уақытша бұлыңғыр көруі мүмкін. Дәл сол себепті ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® көзге тамызатын дәрісін жанаспалы линзаларды тағып жүрген кезде пайдалануға болмайды.

Жүктілік және бала емізу кезінде ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® қолдану туралы деректер жоқ.

Жүктілік және лактация кезеңінде балаларда ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® препаратын қолдануға бақыланатын клиникалық зерттеулер жүргізілмеген.

Қолда бар деректер бойынша ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС® көзге тамызатын дәрісін 6 жастан асқан балаларда, сондай-ақ жүктілік және лактация кезеңінде қолдануға болады.

Жүктілік және лактация кезінде көзге тамызатын дәріні күніне 10 реттен жиі қолдануға болмайды.

Егер сіз жүкті болсаңыз, жүкті болуыңыз мүмкін болса немесе бала емізіп жүрсеңіз, ХИЛО-ДУАЛ ИНТЕНС®-ті қолдануды бастамас бұрын өзіңіздің дәрігеріңізге немесе фармацевтке жүгініңіз.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- көзге тамызатын дәрінің кез келген компоненттеріне аса жоғары сезімталдық
- 6 жасқа дейінгі балалар.

Сақтау мерзімі

3 жыл.

Қаптамасында көрсетілген сақтау мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды (🕒).

Құтыны алғаш ашқаннан кейінгі сақтау мерзімі – 6 ай.

Сақтау шарттары

25 °C (🌡️)-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!


Картон қаптамасы бүлінген болса, пайдалануға болмайды (🚫).

Қосымша ақпарат

Стерильді. Көзге тамызатын дәрі асептикалық өңдеу әдістерін қолданып, өндіріледі.

STERILE	A
---------	---

Өндірушінің атауы, заңды (нақты) мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта):







 УРСАФАРМ Арцнаймиттель ГмбХ, Индустриештрассе 35, 66129 Саарбрюкен, Германия / URSAPHARM Arzneimittel GmbH, Industriestrasse 35, 66129 Saarbrücken, Germany
Телефон: +49 6805 9292-0
e-mail: info@ursapharm.de

Өндірушінің Қазақстан Республикасы аумағындағы уәкілетті өкілі: тұтынушылардан медициналық бұйым бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйым:

«Nova East Pharm Kazakhstan (Нова Ист Фарм Казахстан)» ЖШС.
Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., Достық даңғылы 240, 502-кеңсе.
Телефон: +7 (727) 221 90 91
E-mail: safety@eastpharm.eu

Нұсқаулықтың соңғы қайта қаралған күні: 23.01.2023

Таңбалау кезінде пайдаланылған символдар мен белгіленулердің түсіндірмесі

	Қаптама бүлінген болса, пайдалануға болмайды		
	Қолдану жөніндегі нұсқаулыққа жүгініңіз		
	Жоғары температуралық шектеу		
	Дейін пайдалану керек		
	Партия коды		
	Дайындаушы		
<table border="1"><tr><td>STERILE</td><td>A</td></tr></table>	STERILE	A	Асептикалық өңдеу әдістерін қолданып стерилизациялау
STERILE	A		